**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловтың Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының орынбасары И.И.Клебановпен 1999 жылғы 14 шілдедегі келіссөздерінің Хаттамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 28 шілде N 1075

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловтың Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының орынбасары И.И.Клебановпен 1999 жылғы 14 шілдедегі келіссөздерінің Хаттамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы қаулының орындалуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 шілдедегі N 1075 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловтың Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының орынбасары И.И.Клебановпен 1999 жылғы 14 шілдедегі келіссөздерінің Хаттамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы

| Р/с № | Іс-шаралар | Орындалу мерзімдері | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | "Байқоңыр" кешенін пайдалану үшін жалға алу ақысының тауар. лық бөлігі ретіндегі, 65 млн. АҚШ доллары сомасындағы тауар. лар мен материалдық ресурстар. ды жеткізудің тәртібін, тізбесін, көлемін, бағасы мен кестесін | 1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін | Сыртқы істер министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Ресей тарапымен келісу | | |
| 2 | Ресей Қорғанысминінің қарама. ғындағы объектілерді қоса ал. ғанда, "Байқоңыр" кешенін түгендеуді аяқтау | 1999 жылғы 1 қазанға дейін | Ғылым және жоғары білім министрлігі, Қаржы министрлігі, Қорғаныс министрлігі |
| 3 | Ресей тарапына негізгі қорлар. дың құнын қайта есептеу коэ. ффициенттері мен пайдалану коэффициенттері бойынша оның ұсыныстарын қараудың нәтижеле. рін тапсыру | 1999 жылғы 1 тамызға дейін | Қаржы министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі |
| 4 | Ресей жалға алынғандардың құ. рамынан шығарған "Байқоңыр" кешені объектілерінің тізбесі бойынша Ресей тарапына ол жасаған ұсыныстар жөнінде қорытынды жолдау | 1999 жылғы 1 тамызға дейін | Қаржы министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі |
| 5 | "Байқоңыр" кешенінің объек. тілерін күзетуді күшейту жөнінде бірлескен шаралар әзірлеу | "Байқоңыр" ке. шені жөніндегі Шағын комиссия. ның кезекті отырысы | Ішкі істер министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі |
| 6 | "Байқоңыр" кешенінен ғарыш аппараттарын ұшыру және сынақтық ұшырулар жоспарла. рының тәртібі туралы келісім. нің жобасын әзірлеу және қол қоюға дайындау | 1999 жылғы 1 қыркүйекке дейін | Ғылым және жоғары білім министрлігі, Әділет министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 7 | "Байқоңыр" кешенінің "Юбилей. ный" әуежайын бірлесіп пайда. лану жөнінде Ресей тарапымен келіссөз жүргізу | 1999 жылғы 15 тамызға дейін | Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандар ұшыру кезінде апат болған жағдайларда өзара іс-қимыл тәртібі туралы келісімнің жобасын әзірлеу және белгіленген тәртіппен Ресей тарапымен келісу | 1999 жылғы 1 қыркүйекке дейін | Табиғат ресурстары және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік, Әділет министрлігі |
| 9 | Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарында және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерация . сының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясы жалға алған кездегі "Байқоңыр" кешенінің аумағындағы экология және табиғатты пайдалану жөніндегі 1997 жылғы 4 қазандағы Келісімде көзделген "Байқоңыр" кешені қызметіндегі қоршаған ортаны қорғау мәселелерін Ресей тарапы. мен бірлесе отырып реттеу | 1999 жылғы 15 тамызға дейін | Табиғат ресурстары және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 10 | Апатқа ұшыраған "Протон" зымыран тасығышының құлаған жекелеген бөлшектерінің зиянды экология. лық зардаптары мен оның Қазақстан Республикасы халқының денсаулығына әсерін бағалау жөніндегі жұмысты аяқтау. "Протон" зымыран тасығышын ұшырудағы апаттың салдарынан кейін белгілі болған зардаптар үшін өтемақының, сондай-ақ ал. дағы уақытта Ресей тарапының төлеуі үшін апат зардаптарын | 1999 жылғы 1 тамызға дейін | Ресейлік зымыран бөлшек. терінің Қарағанды облысына құлауының зардаптарын зерттеу жөніндегіҚазақстан Республикасының Үкіметтік комиссиясы (Үкіметтің1999 жылғы 6 шілдедегі N 937 қаулысы),Қаржыминистрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жою жөнінде Қазақстан тарапынан шыққан шығынның көлемін анықтау | | |
| 11 | "Байқоңыр" кешені бойынша қол. данылып жүрген келісімдер мен шартқа өзгерістер мен толықты. рулар енгізу мәселелерін жоғары дәрежелі Қазақстан-Ресей кезде. суі шеңберінде қарау жөніндегі жұмыс тобын құру | 1999 жылғы 1 тамызға дейін | Сыртқы істер министрлігі (шақыру), министрліктер, агенттіктер,ведомстволар |
| 12 | Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін бірлесіп пайдалану жөніндегі ынтымақтастығының тиімділігін жақсартуға және арттыруға бағыт. талған, қолданылып жүрген келісім. дер мен шартқа өзгерістер мен толық. тырулар енгізудің мүмкіндігі туралы мәселені талқылау жөнінде жоғары дәрежелі Қазақстан-Ресей кездесуін өткізу | 1999 жылғы 15 қыркүйекке дейін | Сыртқы істер министрлігі (шақыру),министрліктер, агенттіктер,ведомстволар |

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК